

WANGIR

ONLY THE HISTORY OF BEGINNING MAKES THE HISTORY OF FUTURE
Nursultan NAZARBAYEV

АУДААН ХІШКАН АЛТЫ КАЗ

Бүркітбай АЯҒАН,

ҚР БФМ ғылымдарының директоры,
тарихтың докторы, профессор

Казақ халқы тарихында Ноғайлы заманы, Ноғай елінің алатын орны ерекше. Оның себебі көп. Біріншіден, Ноғайлы кезеңі қазақ шығардаулт ретінде қалыптасуына ері маңызды кезең болатын. XV-XVIII ғасырдың 30-шы жылдарына дейін қазақ-ноғай толастамай қатынасып тұрған. Тек 1620-1630 жылдары торғауыт-қалмақтың орыс әкімшілігінің көмегімен Еділ мен Жайық, Ақ Қобан (оны орыстар Кубань дейді) өзендеріне жайғасқаннан кейін қазақ-ноғай арасы ашылған болатын. Осы орайда еске келетін

«Орманбет би өлгенде,
Он сан Ноғай айырылды.
Қазақ сыртқа (сартқа) қайырылды,

Нусан күніренді, қайғырды»

деген Шоқан Үәлиханов еске алатын жырды біз нақтылауымыз керек. Жаңағы айтылға қоштасу XVIII ғасыр емес, тіпті XVI ғасыр да емес, ол Әбусағит Жиреншин ағамыз айтқандай, XV ғасырдың бірінші жартысы болуы мүмкін.

Ұлы Сәкен Сейфуллин өзінің 1931 жылы жазып, шығарып үлгерген «Қазақәдебиеті» атты мақаласында Қазақты Ноғайдан шығарады. Сәкен: «Барар жерің Балқан тау, о да біздің барған тау» деп, осы айтылған жерлердің бәрінде қазақ болған руладың бабаларын көрген. Қалың түрік, қалың ноғайлы елі болып мекен де қылған. «Ат баспаймын деген жерді үш басады», – деп бастайды да: «Ноғайлыдан бөлініп «қазақ» болғаннан кейін де қазақтардың қайтадан бұрынғы түп ноғайларына кеткендері де болған.

«Өйткені ногайлы мен қазақтың айырмасы жоқ», – деп нақтылаған.

Сондықтан болар Ногайлы заманы біздің қазақ әдебиетінде, тарихында «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Алпамыс» жырларында кеңінен көрсетілген.

Бірақ қазіргі Кавказ Ногайлары біздегі «Қырымның қырық батыры» деген атауга келіспейді. Олар былай дейді: «Ол «Қырымның қырық батыры» емес, ол «Ногайдың қырық батыры» деуіміз керек», – деп уәж айтқанын талай естідік. Өз ойым әділеттілік жағынан, ғылыми түрғыдан «Ногайлының (Қырымның) қырық батыры» дегені дұрыс сияқты. Бірақ анығын әдебиетші қауым айттар, біздік тек анығын, ақиқатын ашу.

Екіншіден, қазіргі ногай қазаққа ең жақын туыс халық. Біздің тіліміз, діліміз, тіпті түріміз сәл айырмашылықты айтпасақ, айналады. Тек кейір қазақтың асығыс айтылған «Қазақ пен ногай қосылып кетсін» деген пікір қате. Қазіргі ногайлар біз сияқты өздерін өз тілі, тарихы бар бөлек үлт деп санайды. Және өздерінің отаны, мекені бар ел екенін алға салады. Ол шын, себебі қазіргі ногайлар бұрынғы Ұлы Ногай Ордасынан қалған Солтүстік Кавказда, өте көркем нұлы-сұлы өз Отаны жерінде отырған халық. Мынау қазіргі Ресейдегі «Минеральные воды», «Есентуки (Есен-Тоқа)» курорттық жерлердің көбі Ногай Ордасының орамы болатын. Оны қазақ білуі керек. Бізге жақын ел сондай шұрайлы жерде болса, Қазақстан үшін тек пайда.

Үшіншіден, біз Ногай тілін, тарихын зерттеу арқылы өзіміздің төл тарихының берілімізді жаңадан танимыз. Ногай мен қазақ ру-тайпалық жүйесі аумайды. Тек қазір қазақта жоқ болып кеткен қатаған, құрама Ногайда сақталған. Бір қызығы, Ногай халқы құрамында түрімен, үйғыр деген тайпалар бар. Сонын ногайда жұз жоқ, бірақ мына атаулар пайда болған – жембоіліктер (яғни Жем өзені бойынан шықкан), әдисандар (яғни Жеті сандықтар) бар. Қобан ногайларының шықкан жерін тайпа аты айтады. Бірақ бізде Жетіру болса, оларда мың мен қырық деген ел бар екен. Айтпақшы, Қырым татарының ел құрамында осы Қырықпен бірге Қыпшақ, Жалайыр, Найман, Қоңырат, Қият тайпалары кездеседі. Фалымдардың пайымдауынша, бұл тайпалар (ногайлар оларды «ру», «түкім» дейді) Қырымға біразы Берке ханмен болса, қалғаны Ногайдан ауысқан. Оған қоса Шырын мен Барын тайпалары Қырымда мол. Әнен Сарай ағамыз, Қырымға кеткен Шырын, Барын Тоқтамыстың әкесі Тайқожамен бірге 1390 жылдары, яғни Тоқтамыс пен Едіре, Ақсақ Темір үшеуінің теке-тірес кезінде ауысқан деген жазады. Қырым мен Ногайда болған

Арғындар XV ғасырдың басында Солтүстік Кавказ бер Қырымнан қазақтың Сары-Арқасына қайтып келген сияқты. Керей ханның баласы – XVI ғасырда қазақты билеген күшті ханымыз Бұрындықтың атын біз кейірде Мұрындық деп жазып жүрміз. Ал қазіргі ногайлар «мұзды» – «бұз» дейді екен, «мұрынды» – «бұрын» дейді. Сондықтан біздің тарихшылар жазып жүрген Бұрындық хан шынымен Бұрындық деп дұрыс аталауы мүмкін.

Бір қызығы, қазіргі ногайлар бізді «қазақ» және «алаш» деп атайды. «Алаш» екенімізді кейірде біз өзіміз ұмытып жүреміз, ал ногай біздің Алаштың баласы екенімізді ұмытпаған. Біздің оларға айтқанымыз – «Ногай да алты алаштың бірі». Қазіргі қазақ ногай мен Қырым татарларын шатастырады. Ал шын мәнінде, татарлар мен Кавказ ногайлары екі халық. Ногайлар қайта қазаққа жақын екені анық.

Былғы жылы 1-Мамыр Қазақстан халықтар бірлігі құні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің белгілі азаматтарын қосып «Ногай үйіне» арнайы барып шыққан болатын. Бұл бір тамаша уақыға болды, себебі үш жұз жылдан астам айырылған қазақ пен ногай қайта қосылғандай әсер етти.

Қазіргі Ногай халқы Ресейдегі төрт бірдей әкімшілікке қарайды. Қазіргі Ресейде барлық ногай халқы жұз он үш мыңдай екен. XVIII ғасырда, яғни Екатерина кезінде орыс әскери Кавказға кіргенде, аман қалған ногай тайпалары Түркияға үдерे көшкен. Қазір Түркияда жарты миллионнан екі миллионға дейін Ногай халқы тұрып жатыр.

Ногай халқына келесі ауыр соққы Кеңес дәүірінде Н.С. Хрущев кезінде болған екен. 1950 жылдары, нақтылапайтақ 1957 жылы 9 қантар құні қабылданған Кеңес үкіметі Ногай даласын төртке бөліп жіберген. Сондықтан қазіргі Ногайлар Қарашай-Шеркеш, Дағыстан, Шешен автономиясында және Ставрополь (бұрынғы Ногай даласы) аймағына қарайды. Таза ногай ауылдары барышылық, ал ногай тілі арнайы сабак ретінде ғана жүргізіледі. Ең үлкен ауылы Қанлы деп аталауды және ауыл «Минеральные воды» қаласының жанында орналасқан. Осы Қанлы ауылы жанындағы Май-төбеле шығып қарасаңыз Бестау, Түйе-тау, Жыланды тауларын анық көресіз. Ногай халқы көптен бері үлттық автономия талап етуде, бірақ олар Дағыстанда Ногай ауданын ғана алған екен. Жақындағы Қарашай-Шеркеш автономиясы құрамында Ногай ауданы құрылған болатын. Соган ел қатты қуануда. Аудан орталығы Икон (Үлкен) ауылы.

Мамыр айының 14-16 күндері Черкесск қаласында

өтетін бірінші Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына бір топ Қазақстан ғалымдары шақырылған болатын. Өткініше орай, көбі бара алмады. Астанадан белгілі ғалым, археолог Зейнолла Самашев екеуіміз осы жиылдықса қатысып келдік. Осы форумға Түркия ғалымдары мен қоғам қайраткерлері Мұстафа Алтынтас, Мәскеу ғалымы В.В. Трепавлов, Шешенстаннан ғылым Академиясының президенті Ш.А. Гапуров, Дағыстаннан профессор Д. Қыдырнязов, Украинадан профессор В.В. Грибовский сияқты ғалымдар қатысып баяндама жасады. Ногай жағынан профессор Р. Керейтов, А. Курмансентова, В. Балгарова, С. Кукаева, Ш. Құрмангуловалар қатысты.

Конференцияны ұйымдастырушылар – Ногай елінің белгілі азаматтары Казмамбет Янбулатов, Валерий Қазақұлы, жазушы Иса Сүйінұлы Қапаев, профессор Нәсіпхан Суюнова, Асая Сұлтанбековтер осы үлкен жиылдық сәтті өту үшін барын салды. Маған Ногай елі қайта толқып кеткендег болып көрінді. Ел бетінде қуаныш, зор серпіліс байқалады. Залға лық толған ел Қарашай-Шеркеш елінің басшысы

Сол бұлдыңғыр кез XVII ғасырдың 30-40 жылдары қазақ пен ногайдың арасының ашылуы.

Қасым хан мен Ақназар хандардың Сарайшықты алып, Қазақ хандығының шекарасын Жайыққа жеткізгеннен кейін де қазақ пен ногай бірде дос, бірде бақталасып тұрған. Олардың арасындағы киқілжің негізінен билік (династия) арасында болған, ал қарапайым халық жауласа қоймаған. Оның дәлелі XV-XVII ғасырдағы ақын, жыраулар, шешендер, тіпті кейір хан-сұлтандар, мысалы (Доспамбет, Асан қайы, Ҳақназар т.б.) екі елге ортақ болатын. Екі халықтың тілі, түрі, діні, ділі бір-бірінен аумайтын.

Едіге мен оның балалары Шыңғыс хан тұқымын биліктен аластатады, олардың орынын жергілікті мырзалар басады. Ұқпалды Ногай Ордасы Қырыммен, Қазақ, Ресей, Польшамен тығыз әскери, экономикалық, дипломатиялық қарым-қатынаста болады.

Бар сүмдүк Ресей империясының шақыруымен торғауыт қалмақтардың Еділ мен Жайық, Ақ Қобанға келіп орналасуынан шықты. Саны мол қалмақтар Ногай елін шауып, біразын өзіне бағындырып алады.

Ногайлар енді Жайықтан алыстап Солтүстік Кавказ, Қырымға ойыса бастайды. Екі елдің елшілерін қалмақтар торып алмасырмай қояды. Осы жылдары олар Үлкен Ногай, Кіші Ногай, Алтыауыл Ногайлары болып бөлінеді.

Осы жерде айтып кетер жағдай – қазақ тарихнамасында алыстап кеткен ногайлар тарихы, әсіресе Қалмақ ортаға түскеннен кейінгі заман аз зерттелген. Ногайлар да бізден қол үзе бастаған сияқты. Арадағы хабар жеке адамдар не болмаса Татар, Башқұрттар арқылы келіп тұрған. Бұрынғы кең қарым-қатынас үзілген болатын.

Ал саны мол ногай халқы XVIII ғасырда Кавказға қол салған Ресей империясының құрбаны болып кетті. Ногай Ордасының әлсіреуі бір жағынан өздерінің бектері мен мырзаларының бақталасынан шықса, негізі оларға ең ауыр соққы орыс әскерінен болды.

Ногай халқы тарихының қайғылы беттері туралы профессор Рамазан Керейтов, Данияр Қыдырнязов, жазушы Сүйін Қапаев пен Әшім Сикалиевтердің еңбектерінде көрсетілген.

Әлсірекен ногайларды Ақ Қобан, Лаба өзендері бойындағы Кір мен Шок (Кременгут) атты қалашық маңайында орыс әскері қырып салды. Қарулары есқі, жанұясы жаңында жүрген ногай тайпаларын атақты генерал А. Суворов пен генерал-поручик М.Н. Леонтьев басқарған әскерлер қоршап, қырып жіберген. В. Потто деген офицер осы қыргынды өз көзімен көріп былай жазған болатын: «Ночью перешли Кубань, в верстах в 12-ти, близ урочища Керменчук, настигли ногайцев. Они стояли огромным табором, видимо не ожидали нападения. Суворов тотчас подал сигнал, к атаке... и началась страшная резня. Хуже вооруженные, хуже предводимые... ногайцы резались со злобой и гибли массами. В бессильной яности сами истребляли своих детей, резали женщин. Больше десятки тысяч ногайских тел лежало на десятиверстном пространстве». Осы куәлікті ногай тарихшылары

ҚАЗІРГІ НОҒАЙ ҚАЗАҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН ТУЫС ХАЛЫҚ, БІЗДІҢ ТІЛІМІЗ, ДІЛІМІЗ, ТІПТІ ТҮРІМІЗ СӘЛ АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫ АЙТПАСАҚ, АЙНЫМАЙДЫ. ТЕК КЕЙБІР ҚАУЫМДА АСЫҒЫС АЙТЫЛҒАН «ҚАЗАҚ ПЕН НОҒАЙ ҚОСЫЛЫП КЕТСІН» ДЕГЕН ПІКІР ҚАТЕ. ҚАЗІРГІ НОҒАЙЛАР БІЗ СИЯҚТЫ ӨЗДЕРІН ӨЗ ТІЛІ, ТАРИХЫ БАР БӨЛЕК ҮЛТ ДЕП САНАЙДЫ.

Р.Б. Темрезовтың, Ел Үкіметінің орынбасары Д.Ю. Суюновтың мәлімдемесін әртаратпдан жиналған ғалымдар зор ықыласпен тыңдады.

Қалмақ елінен келген Владимир Тептеев өз елінің мұрағаттарында Қазуған жырау туралы мұрағаттық материал тапқандарын айтты.

**«Айналайын қарағым,
Қататынмды қылғым...»**

Ногай эпосы. «Төлөгөн мен Қызы-Ибек»

Отан тарихында әлі де болса ашылмаған, көлеңкелі қалған беттер аз емес екенін ел біледі.

жі жазады. Ал шынында ондай қыру, туған жерінен күу көп болатын. Ноғай халқының жойылуы – көрші мемлекеттердің саясатының нәтижесі. Мұндай қырғын туралы естіген ел жерін тастан тауға қашты, көбін кейінірек Түркияға бет алған болатын.

1770 жылдардан кейін сансыз Ұлы Ноғайлардың тек қана жұрнағы қалды деп айтуға болады. Мұлдем азайған ел мүшкіл халге тұсті. XVI ғасырда сансыз ноғайдың дәмі таусылды.

Қалған тайпалар Ресей әкімшілігіне бағынуға мәжбүр болды. Саны аз ноғайлар 1917 жылғы революция, азамат соғысын көріп, II дүниежүзілік соғысқа қатысқан болатын. Ұлы Отан соғысына қатысқан ноғайлардан Кеңес одағының батыры шыққан.

Біз бұл мәліметтерді елге таныстыру мақсатымен айтып отырмыз.

Ноғай дастандары қазақтан аумайды. «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу», «Төлеген мен Қызы-Жібек» басқа да жыр өлеңдер сәл өзгергенмен бізге ұқсайды. Тек біз бұрын көп естімеген «Сүйімбике» дастанын (зарын) ноғайдан естідім. Қүйеуінен, баласынан айырылған Жұсіп қызы, қазақ ханшасы Сүйімбике былай деп жылайды:

«Сюмбие аттым,
Ногай затым,
Көзим ясыл, иок рахатым,
Көрдім меҳнат,
Шектим азап,
Мұтылмайды еш хасретим.»

Ал дана қазақта өткен заманнан жеткен мынадай естелік бар:

«Тегінде ногай, қазақ тегіміз бір
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.
Орманбет хан Ордадан шыққан күнде
Асан ата қайғырып...»

Әтнографиялық суреттер

Қазіргі Ноғай халқы антропологиялық түрі бойынша үшке (ұш топқа) бөлінеді. Әрине, көбі моңғол типтес, яғни кәдімгі қазақ. Көп ноғайды көргенде өзімізді көргендей боласын, бір ауылда жүргендейсің. Оған қоса сөйлеуі кәдімгі қазақша болса, мақал-мәтел, дүниеге көзқарасы, өзін ұстауы дегендей...

Келесі тобы Қазан татарларына ұқсайды. Қөздері көкшілдеу, шаштары сары. Ал үшінші тобы тау халықтарына – кабарда, шешен, абазиндерге ұқсайды. Бірақ ноғайлар іштей бөлінбейді, олар қалыптасқан ұлт, ұлттық санасы жоғары.

Жалпы ұлт тарихы адамның кескінінде байқалып тұрады. Ноғай мырзалары, тау халықтары, славян-татар қыздарына жиі үйленіп тұрған. Әрі аралас болған соң тұрларі бізге қарағанда сәл өзгерген.

Дастархан жаю дәстүрі де ұқсайды. Тек не істесе де шашаңдау ма деп ойлап қалдым. Мысалы, біз сияқты дастархан басында көп отырмайды, айттын тілектері (тост) де қысқа болып шығады. «Қысқа қайырады» демекші, сол Черкесскіде бір ногай азаматы маған былай деді: «Осыдан ұш жылдай бұрын қазақтармен құда болып Алматыда болдым. Біз тілек айтқанда қысқа сөйлейміз, ал қазақтар мол сөйлейді екен. Тіпті бір құдамыз, айтуы бойынша, біздер келеді екен деп 3 күн бойы кітапханаға барып дерек жинап

дайындалғанын айтты» деді. Мен құліп «Бауырым, қазақтардың әзілін түсінбегенсің. Олар университетте оқып жүріп кітапханаға жоламайды. Ал әдемі үзак сөйлеу ол біздің әдетіміз. Қазаққа мүмкіндік берсөн жарты құн тоқтамай сөйлеуі мүмкін. Және бір ойын қайталамай сөзін саптай береді. Соңдықтан қазақ кітапханаға барып тост айтуға 3 күн дайындалады деген аnekdot қой!» деп құлістік.

Ноғайлар домбыраны жақсы көреді, бірақ өкінішке қарай аз ойнайды екен. Олар «Қазақтардың 100 пайызы домбырада ойнайтыны рас па?», – деп сұрайды. Мен «Ертеректе ойнаған шығар, қазір 70 пайызға жетпес!» десем, олар оған да таң қалып риза болды. Қуантарлық жағдай, жастары Қазақстанға келіп домбыра, қобыз, шертер ойнап үйрене бастаған.

Сырттан қосылған азғантай сөздер бар екен. Мысалы, ноғайлар «ару» деген сөзді жиі пайдаланады. «Ару» «келістім», «жарайды», «жақсы» дегені. Сонымен қатар «ару қыз» деп те айтады. Ал жалпы «ару» деген сөз қарашай бауырлардың «әру» деген сөзінен кіруі мүмкін. «Рахмет» сөзін аз пайдаланады екен, оның орнына «сая бол» дейді. Осы орайда атыраулық бажам Көрім де «сая бол!» деп жиі айтушы еді деп еске алдым. Ал тағы бір күлкілі жағдай. Екі ноғай жігіті Шымкентке барғане. Таксиден шығарда жүргізушіге «сая бол» десе, ол азамат «сая болың не, бірінши ақшасын төле!» деп тиіскен екен.

Бір қызығы, ноғайлар біздің ортақ киіз үйді пайдаланды, бірақ оны терме деп атайды. Жалпы кейбір алшақтық болмаса, қалғаны қәдімгі қазақ тілі. Бір қызығы - ноғайлар «Ж»-ның орнына «И»-ді пайдаланады. Мысалы: «жеті құдық» емес, «иеті құдық». Соншама жыл бөтен ортада тұрса да тілін, ділін, рухын сақтап қалған бауырларға риза боласын. Ноғай мен қазақтың түрі, жүрісі, аққөніл-жомарттығы, ақылды мінезі – барлығы пара-пар. Тіпті шайқалған жүрісі де айнымай қалған. Қатар тұра қалса, тек сарылығы болмаса айыру қыын. Ертеректе бір ақсақал айтты еді: «қазақ пен ноғайдың ісі де бір» деп. Ол рас екен.

Дастархан жасағанда ноғайлар қой сояды, бірақ біздегідей жіліктемей береді екен. Төрғе сыйлы адамдарын отырғызып, батасын алып отырады.

Ал енді билері бізге ұқсамайды. Ноғайлар лезгинка биін билеп, әндерін де Кавказ әуендеріне ұқсатып алған. Бірақ әндері қазақи. Мысалы, Қазтуған, До-спамбетпен қатар «Сағындым», «Ақ көгершін» сияқты әндері көп.

Біздің тілдеріміздің айырмашылығы XX ғасырдың 30-жылдарымен байланысты. Олар «В» әрпін қосу арқылы «ауылды» – «авыл» деп жазады. Ал ауызша «ауыл» деп нақты айтады. Қайдан қосылғанын білмеймін, ноғай тіліне сонымен қатар «в» жінішкелік белгісі кіріп кеткен. Бөлкім «Ә» әрпін айту үшін бе, «ә»-ні «а+ь» арқылы көрсетеді. Бізді «қазақтар» не «қазақлар» деп отырады екен. Сонымен бірге «Сіздер Алаш елі боласыздар» деп қосады.

Ноғайлар тарихты шерткенде маңғыт елі мен Едігені көп айтады. Ол әрине орынды – себебі Едіге маңғыт (қоңырат) елінен шыққан. Маңғыт тайпасы қазақта «Қоңырат ішінде – маңғытай» болып отыр. Олар: «Қазақтар (алаштар, қазақлар) Едігеге

ескерткіш қоятыны рас па?» деп сұрады.

«Дәл қазір ондай мәселе жоқ сияқты» дедім мен. Онымен қоса «Едіге, Тоқтамыс, Ақсақ Темір бір-бірімен билікке таласамын деп, Дешті-Қыпшақ, Ақ Орда еліне, түркі тайпаларына орасан зор зиян келтіргенін айтуымыз керек. Сондықтан ол ойланатын іс қой» деп қайырдым.

Ноғайлар қазір бие ұстамайды, сондықтан қымыз ішпейді. Бірақ қымыз туралы біледі. Бізге «қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды» мақалын келтіріп отырды.

НЕ КЕРЕК?

Дәл қазір Ноғай халқы ешкімнен кем емес. Тұрған жері ыңғайлы, тамағы тоқ, рухы биік.

Бірақ оларға бізден ең бірінші мәселе – рухани көмек қажет. Яғни, кітап, музыкалық әндер, көркем әдеби кинофильмдер керек болып тұр. Қазір мемлекет тарихы институты ғалымдары осы игі істі бастап кетті. Жағдай болса көмектесу қажет, кітап жиналған соң Ноғай еліне жеткізуіміз керек.

Екінші мәселе, тарих пен филология мамандығы бойынша ноғай жастарына жағдай жасау керек.

Онымен қоса, консерваторияда оқытып алсақ тамаша болар еді. Тарих, әдебиет, қоғамтану саласында ноғай-қазақ қарым-қатынасын кеңінен зерттеу мәселесін күн тәртібіне қоюы қажет. «Халық тарих толқынында» бағдарламасына қосқан дұрыс болар деп ойлаймын.

Үшінші жағдай, ноғай жастары жұмыссыздық болған соң Кавказда, Сібірде, жалпы Ресейге шашылып кеткен. Ал біз оларға Батыс Қазақстан мұнай, газ, құрылышқа тартсақ, екі бауырлас халық жақындаса түсер еді деп ойлаймын. «Минеральные воды» әуежайынан Ақтауға ұшақ 50 минут – 1 сағат ұшады екен.

Келесі мәселе – екі ноғай ұлттың аудандарымен зиялды қауым, мәдениет онкүндігін өткізіп тұрса. Ноғайлар Нұрғиса Тілендиевті, Бекболат Тілеуханды, басқа да біздің әнші-қүйшілерімізді қатты қастерлеп аузынан тастамайды.

Олар Н.Ә. Назарбаевты өз Президентіндей көреді. Ал Қазақстанның «арқа сүйер дәулет (мемлекет)» деп санайды. Кезіндегі Ұлы Ноғайдан қазақ шыққан, яғни олар біздің нағыз бауырларымыз.